*«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» Республикалық журнал. Куәлік № KZ37VPY00015077*
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

***V00052 18.12.2020***

# Қауіпті табиғат құбылыстары

**РАХЫМБАЕВА ГУЛЬНАЗ СЛАШОВНА**
**Алматы облысы.Еңбекшіқазақ ауданы білім бөлімі**
**"Шелек ауылындағы гимназия "КММ. Бастауыш сынып мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Пән: Дүниетану**<br>**Бөлім:**<br>**Қоршаған орта**<br>**Күні:**<br>**Сынып:** | **Мектеп:**<br>**Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны:**<br>**Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Қауіпті табиғат құбылыстары** |
| **Оқу мақсаты** | 2.2.2.1.Ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін талдау |
| **Сабақ мақсаты** | **Барлық оқушылар:** ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерлерін талдайды.<br>**Көптеген оқушылар:**Адамдарға қауіп туғызатын және қауіп туғызбайтын табиғат құбылыстарын ажыратып, одан қорғану жолдарын біледі<br>**Кейбір оқушылар:** Шаруашылықтарға қандай табиғат құбылыстар зиян келтіретінін және одан қорғану жолдарын біледі. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейлері** | Білу, түсіну, қолдану, жинақтау |
| **Бағалау критерийлері** | 1. Табиғат құбылыстары туралы біледі.<br>2. Қолайсыз және қауіпті табиғат құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді.<br>3. Табиғаттың қолайсыз және қауіпсіз құбылыстарын талдау арқылы топтастырады. |
| **Тілдік мақсат** | -Климат және сәйкес табиғи құбылыстар тақырыбын бейнелейтін лексиканы оқып үйренеді.<br>- Табиғи жағдайлар туралы айта алады. |

| | |
|---|---|
| | - Табиғи қолайсыз жағдайларды анықтай алады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында ынтымақтастық орта қалыптастыру. Адамгершілік, алған білімді қолдана білу, еңбексүйгіштік қасиеттерді насихаттау. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Жаратылыстану пәнімен табиғи құбылыстарын ерекшелігін жіктеу.<br>Әдебиеттік оқу ауызекі сөйлеу тілдері дамиды. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Ғаламтордан алған суреттер, интербелсенді тақта |
| **Алдыңғы білімді игерулері** | Табиғат құбылыстарын атау |
| **Сабақ барысы** | |

| **Сабақтың жоспарлан-ған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>5минут | **Ширату тапсырмасы.**<br>Оқушыларды **«Пазл» әдісі** арқылы табиғат құбылыстарын құрастыру арқылы 3 топқа бөлу.<br>1-топ «Жаңбыр»<br>2-топ «Найзағай»<br>3-топ «Жел»<br>**«Кір жайғыш» әдісі** арқылы жұмбақтарды шешеді. Жұмбақтар конвертке жасырылады, кір жайғыштан алады.<br>1.Дүрліктіріп қырқаны<br>Шақпақ тастың жарқылы.<br>Бұлт көрпесін жыртады.(найзағай)<br>2.Таудан топ түсті,<br>Аяқ-қолы жоқ түсті.(бұршақ)<br>3.Жылт-жылт еткен,<br>Жылғалардан өткен.(су)<br>4.Үлкен алтын табақтан<br>Әлемге нұр таратқан.(күн)<br>5. Шөпті жапырып,<br>Құмды сапырып,<br>Қоқысты үйіріп, | интербелсенді тақта, табиғат құбылыстарының суреттері<br><br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| | Әкеткен не шұйіріп? (Құйын)<br>-Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не деп ойлайсындар?<br>• Табиғат құбылыстары.<br>• Табиғат құбылыстары нені құрайды?<br>• Ауа райын.<br>Бүгінгі біздің сабағымыз қауіпті табиғат құбылыстарымен танысамыз және де ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін білетін боламыз.<br>**ҚБ «Дұрыс па, бұрыс па?» әдісі** | <br><br> |
| **Сабақтың ортасы**<br>**10 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10минут | Білу және түсіну МК: Табиғатта болып тұратын өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Тірі және өлі табиғатта үнемі өзгерістер болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: ағаштар мен шөптер көктейді және құрайды. Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары. Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.<br>**1-тапсырма**<br>**ТЖ«Ойлан,топтас,бөліс» әдісі.**<br>Табиғат құбылыстары туралы айтады және пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетіп, сәйкестендіреді.<br>І-топ Найзағай адамға қандай зиян келтіреді?<br>ІІ- топ. Құрғақшылықтың адам өміріне зияны?<br>ІІІ-топ Толассыз жауынның адам өміріне әсері.<br>**Дескриптор**<br>• Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді.<br>• Пайдасы мен зиянын талдау арқылы көрсетеді.<br>• Табиғат құбылыстарының зияны мен | Оқулық 87бет<br><br> |

| | | |
|---|---|---|
| 10 минут | пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді.<br>**ҚБ «Көңілді жұлдыздар»**<br>**2-тапсырма « Мозайка » әдісі**<br>Барлық оқушыларға табиғат құбылыстарының суреті беріледі, аталған құбылыстарды топтастырады.<br>**Қолайсыз Қауіпті**<br>**Дескриптор**<br>Қолайсыз және қауіпті құбылыстарды топтастырады.<br>**ҚБ «Қол шапалақтау»**<br>Тапсырманы өте жақсы деңгейде орындаған оқушыны қол шапалақтау арқылы бағалау<br>**3-тапсырма «Сия жұмсаушы» әдісі** арқылы табиғат құбылыстары туралы кластер құрастырады.<br>**Дескриптор:**<br>-Табиғат құбылыстарының қауіпті жағдайларын атайды<br>-Табиғат құбылыстары туралы жазады.<br>- Қолайсыз және қауіпті құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді.<br>**Саралау:**Жұмысқа берілген қысқа уақытта әр топ тез және үйлесімді жұмыс жүргізе біледі.<br>**ҚБ «Бір-бірін бағалау» әдісі**<br>Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды. Өз жұмысында нені жақсарту керектігін анықтайды. | Оқулық 89 бет |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 минут** | **ҚБ «Кім жылдам» әдісі**<br>Табиғи қауіп төнген кезде қажет болатын заттарды 1минут ішінде сөмкеңе сал!<br>**Рефлексия**<br><br>-қолымнан бәрі келді<br><br>-бәрін үлгеремін, бірақ... | <br>слайд |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>-қолымнан ештеңе келмейді<br>Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді үш түрлі суреттің біріне стикерлеріңізді жапсырыңыздар. | |
| **Үйге тапсырма** | Түсініп оқу 87-89 бет | |
| **Саралау**<br>Төмендегі саралау тапсырмаларын сынып оқушыларының қажеттілігіне қарай мұғалім өз өзгертіп отыруы қажет. | **Бағалау -оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
| 1,2,3 тапсырма – «***Тапсырма бойынша саралау»*** негізінде «Пазл», «Кір жайғыш» ,«Ойлан,топтас,бөліс», «Мозайка», «Кім жылдам?», «Сия жұмсаушы» әдістер арқылы тапсырмалары орындалады. Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі.<br>***«Уақыт арқылы саралау»*** негізінде «Рефлексия» әдісі арқылы тапсырма орындалады. Бұл тапсырма кезінде | «Дұрыс па, бұрыс па?»әдісі, «Қол шапалақтау» әдісі, «Көңілді жұлдыздар», «Бірін-бірі бағалау» әдісі<br>Дескриптор:<br>• -Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді.<br>• -Пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетеді.<br>• -Қауіпті табиғи құбылыстар кезінде 112 құтқару қызметінің рөлі мен маңызын есте сақтайды.<br>-Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді | Демалыс кезіндегі қауіпсіздікті сақтау, өз заттарына ұқыптылықпен қарау. |

<table>
<tr><td>пікірлерді дәлелдеуде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға қолдау беріледі.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ бойынша рефлексия<br>Саралау тәсілдері арқылы сабақты ұйымдастыру ұнады. Оқу мақсаттарын , сабақ мақсаттарын, бағалау критерийлері мен дескрипторларын байланыстыра отырып, белсенді оқуды жоспарлау мен үшін құнды болды.</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы даойланыңыз)?<br>1: Оқушылардың қарқын тәсіл арқылы, деңгейлерін анықтау.<br>2:Топта ұйымшылдық жұмыс жасағандары.<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1: Оқушылармен диалогқа жиі түсу арқылы олардың қажеттілігін біліп отыру.<br>2: Оларды үнемі қолдап мадақтап, қолпаштап отыру.<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?<br>• Оқушыларымның мүмкіндік деңгейінің жоғары екенін, шығармашылық қабілеті бар оқуларыммен жеке жұмыстарды жандандыру керек екенін білдім.</td></tr>
</table>

**V00050    18.12.2020**

# Сан есім

**НАЗАРБАЕВА НУРБАНУ МАЙЛЫБАЙҚЫЗЫ**
*Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Теректі ауылы*
*«Қ.Аухадиев атындағы орта мектебі» КММ*
*Бастауыш сынып мұғалімі*

Пәні: Қазақ тілі
Тақырыбы: Сан есім
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:
3.1.1.1тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу,ашық және жабық сұрақтарға жауап беру;
3.3.5.1.жіберілген пунктуациялық,орфографиялық,грамматикалық және стилистикалық қателерді  мұғалімнің көмегімен тауып, түзету;
3.1.2.1.мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер,фото,диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау;
Сабақ мақсаттары:
Барлық оқушылар:Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп,мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді,топпен жұмыстанады,жаңа ақпарат алады.
Оқушылардың басым бөлігі:
Диалогке қатысады, мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады, жұмбақтар шешеді, ребусты шешеді,сан есімдерді анықтайды;
Кейбір оқушылар:
Берілген тақырып бойынша тұжырым жасайды.Өз бетінше ізденіп,шығармашылықпен жұмыс жасай алады.
Бағалау критерийлері:1.Тақырыбы және бірінші азат жол бойынша оқиғаның жалғасын болжайды.2. Сөз таптары(зат есім, сын есім, сан есім,етістік) ажыратады.
3.Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты өзара сұхбаттасады.
Тілдік мақсат:Сан есім-имя числительное-thenumeral
Пәнаралық байланыс: Әдебиеттік оқу, математика
Алдағы білім: Сан есім
Құндылықтарды дарыту:
-Құрмет құндылығы-мәтін бойынша жұмыс жасау кезінде.
-Еңбек және шығармашылық құндылығы-тапсырмаларды каллиграфиялық талаптарға сай жазу кезінде.
-Ынтымақтастық құндылығы-ой ұшқырлығы бойынша болжау кезінде.

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Дереккөздер,ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың ортасы | 1.Ұйымдастыру кезеңі.<br>а)Салемдесу<br>ә)Сыныпты түгендеу<br>2.Психологиялық ахуалды қалыптастыру<br>«Шаттық шеңбері»Оқушылар өз аттарының басқы әріптеріне байланысты өздерін жақсы сөздермен сипаттау.Мысалы: Аружан-ақылдымын,Тайыпжан-талаптымын,Дархан-дарындымын т.б<br>2.Үй тапсырмасын тексеру.<br>«3w» әдісі<br>➢ Не?-------------------------<br>➢ Қандай?---------------------<br>➢ Не істеді?-------------------<br>Сұрақтарына жауап беретін сөздерді айту.<br>Үй тапсырмасын қорыту.Ережені сұрау(жұлдызшалар арқылы бағалау)<br>3.Жаңа сабақ<br>1)Жаңа сабаққа дайындық.Сан есім. Сұрақ беру арқылы жаңа сабақ тақырыбымен таныстыру.<br>-Балалар аптаның қай күнін оқып жатырмыз?<br>-Сыныпта неше оқушы бар?<br>-Нешінші сыныптасыңдар?<br>Мен бір-біріне ұқсайтын бірнеше сұрақ қойдым.Мен кандай сұрақтар қойдым?<br>Нешінші?,нешесі?неше?<br>Ал,осы сұрақтарға жауап беретін сөз табын қалай атайды? (Сан есім)<br>2.Электронды оқулықпен жұмыс.<br>Электронды оқулықтан сан есім | Топ аттары жазылған парақшалар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жұлдызшалар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Электронды оқулық |

| | | |
|---|---|---|
| Сергіту сәті (ақырындап музыка ойнап тұрады) | туралы видеоматериал көрсету.<br>3.Киелі сандар арқылы топқа бөліну. 3,5,7<br>Топ ережесін еске түсіру.<br>«Сандар сөйлейді» Әр топ өз сандары 3-5-7 туралы қысқаша айтып өту.<br>4.Постер қорғау. Сан есім<br><br>(топ бір-бірін смайликтер арқылы бағалайды)<br>Мағынаны тану. Оқулықпен жұмыс 28-жаттығу.Көшіріп жазу. ҰЖ<br>Дескриптор:<br>1.Өлеңнің алғашқы жолын көшіріп жазады;<br>2.Сұрақ қою арқылы сан есімдерді анықтайды,астын сызады;<br>3.Өлеңдегі сұрақтың жауабын табады.<br>ҚБ. Жұлдызшалар<br>.Тақтада орындау.<br>Сандарды сөзбен жазып,сөйлемдерді көшіріп жазу.(Әр топтан оқушыларды шығару)<br>Уақыт өлшемі<br>Бір жылда 12 ай бар.Бір айда 30 күн,4 апта болады. Әр аптада 7 тәулік бар.Әр тәулікте 24 сағат бар.Бір сағатта 60 минут бар.<br>Көбелек ұрып ертемен,<br>Күлімсіреп керілді,<br>1-дегенде –шықпен бетін жуды,<br>2-дегенде-шыр көбелек айналды,<br>3-дегенде-еңкейіп жерге жетті,<br>4-дегенде-ұшып кетті.<br>32-жаттығу.Жұптық жұмыс.Жатқа жазу.<br>-Сан есімге сұрақ қояйық.Қай сөзбен байланысып тұрғанын айтайық. | Смайликтер<br><br>Жұлдызшалар<br><br>Логикалық тапсырмалар |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | -Енді осы жұмбақты тыныс белгілеріне назар аудара отырып,жаттап алайық.<br>-Мен осы бетті жабамын.Сендер дәптерлеріңе жазыңдар.<br>-Қарындаштарыңды алып көршілеріңді тексере қойыңдар.<br>Алтын терек,он екі бұтақ,<br>Үш жүз алпыс бес жапырақ.(Жыл,12 ай,365 күн)<br>ҚБ. Жұлдызшалар<br>«Ойлан тап» Әр топқа логикалық тапсырмалар беру.<br>1-топқа.Еркін нешеде?<br>Сен нешедесің?-деп сұрағанда,Еркін:Егер ең кіші 3 таңбалы саннан ең кіші 2 таңбалы санды азайтып,оның оннан бір бөлігін алсақ,менің жасымды табасың,-деді.<br>2-топқа. Әжей нешеде?<br>Егер ең үлкен санға ең кіші 1таңбалы санды қосып,ол санды10есе кемітсе және шыққан саннан ең үлкен 1таңбалы санды шегерсе,әжейдің жасы шығады.Әжей нешеде?<br>3-топқа.Күлше қыз.<br>Күлше қызға өгей шешесі 45 бұршақты үш ыдысқа бөліп,екеуіне бірдей,үшіншісіне 2есе аз сал деп тапсырма берді.Күлше қызға бұршақтарды дұрыс бөлуге көмектесіңдер.(бағдаршам арқылы бағалау)<br>Шығармашылық жұмыс. «Кім жылдам?» ойыны<br>1-топ.Құрамында сан есім бар мақал-мәтелдер жазу.<br>2-топ.Құрамында сан есімі бар жаңылтпаштар жазу. | Бағдаршам |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-топ.Құрамында сан есімі бар жұмбақтар жазу. (Жұлдызшалар арқылы бағалау)<br>«Ойлан тап» Кестеден сандарға қатысты 6 сөзді тап.(Жұлдызшалар арқылы бағалау)<br>Қортындылау. «Үш қадамды сұхбат» әдісі<br>Рефлексия.Балаларға баспалдақ суреті салынған қағаз тарату.Оқушы сол баспалдақтағы өзінің орнын белгілейді. Егер оқушы өзін сабақта жақсы сезініп,сабақты жақсы түсінсе,баспалдақтың ең биік жеріне күннің суретін салады.Ал егер сабақты дұрыс түсінбесе,сабақ ұнамаса,баспалдақтың төменгі жағына бұлттың суретін салады.Сабақта оқушының көңіл*күйі орташа болып,кейбір нәрселерді түсінбесе,онда баспалдақтың ортасына бір жағы ашық,бір жағы боялған бұлттың суретін салады.Осылайша оқушының өзін-өзі бағалауы мен мұғалімнің сабағы бағаланып,өзара кері байланыс жүзеге асырылыды.<br>Уйге тапсырма беру: 11-13 жаттығу,ережелерді жаттау<br>Бағалау. Сабақтың әр кезеңінде бағаланады | |

**V00051    18.12.202**

## Қызықты математика еліне саяхат

**КАКАБАЕВА  ГУЛБАРШЫН**
*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Тенге бөбекжай  тәрбиешісі*

Мақсаты: балалардың қарапайым математикалық түсініктерден алған білімдерін  тиянақтау. Сандарды тура, кері санауға үйрету, логикалық ойын арқылы баланың қиялын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін, ұсақ қол маторикасын дамыту. Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші,ұзын-қысқа, биік-аласа), Кеңістікті бағдарлау. Жоғары-төмен,ортасы, оң-сол, алыс-жақын ұғымдары;геометриялық фигураларды атау және тану үшбұрыш, шаршы, сопақ, тіктөртбұрыш салыстыру.5 көлеміндегі санды есептеу дағдысын дамыту,сандарды тура және кері санауға үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.
Дамытушылық: геометрялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту. Логикалық ойларын дамыту.
Тәрбиелік: балалардың білімге деген құштарлығын арттыру.
Әдіс-тәсілдер: шаттық шеңбер, сұрақ –жауап, көрсету, түсіндіру, дамытушы ойындар, санамақ, сергіту жаттығулары.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Кіріспе бөлім** | Балалар барлығымыз жылулық шеңбер бойына тұрып қонақтармен амандасайық.<br>Күннің көзі ашылып,<br>Көкке шуақ шашылып,<br>Құтты қонақ келіпті,<br>Төріме мінееніпті,<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой,<br>Ал қанекей бәріміз,<br>«Сәлеметсіз бе,» дейік үлкенге,<br>Сәлеметсіздер ме, апайлар!<br>(Балалар қонақтармен амандасады).<br>- Қане барлығымыз орнымызға отырайық. Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар? | Балалар қимылдарды қайталайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Көктем мезгілі |

| | | |
|---|---|---|
| | - Бір аптада неше күн бар?<br>Бір аптада жеті күн бар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.<br>- Мен сендерге жұмбақ жасырайын, мұқият тыңдаңдар<br>Туысқан бес кісі, Бірінен – бірі кіші. Бәрінің аты бір, Ең кішісі шеткісі. (шешуі: бес саусақ)<br>- Сандарға арналған санамақ кім біледі?<br>Айдана: «Бір үйде біз нешеуміз?» санамағы.<br>Бас бармақ - әкем, Балан үйрек - шешем, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек - әпкем, Кішкене бөбек - мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. | Үш ай<br>Жеті күн бар |
| **Негізгі бөлім** | Балалар, бүгін біз сіздермен ойнаймыз, санаймыз және геометриялық пішіндер туралы білімдерімізді көрсетеміз.Осы пішіндерді, сандарды, ұзын қысқаны қандай ғылым зерттейді?<br>- Дұрыс айтасыңдар,<br>Математика. Балалар бізді саяхатқа апаратын қарындаш бар екен. Көзімізді жұмайық 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді математика еліне апар. Міне біз Математика еліне де келдік.<br>- Математика сөзінің астында не көріп тұрсыңдар?<br>- Нешеге дейінгі саңдар?<br>- Ендеше Математика сөзі неше дыбыстан тұрады екен?<br>- Бұл сандар жай сандар емес, сиқырлы сандар екен. Әр санның артында бізге сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Ал кәне, осы тапсырмаларды шешіп көрейік. | |

| | | |
|---|---|---|
| | - Математика сөзінің астында не көріп тұрсыңдар?<br>- Нешеге дейінгі саңдар?<br>- Ендеше Математика сөзі неше дыбыстан тұрады екен?<br>- Бұл сандар жай сандар емес, сиқырлы сандар екен. Әр санның артында бізге сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Ал кәне, осы тапсырмаларды шешіп көрейік.<br>«Миға шабуыл». Жылдам жауап беру.<br>- Бір жылда неше мезгіл бар?<br>- 1жылда неше ай бар?<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қазір қай ай?<br>- Бір аптада неше күн бар?<br>- Апта күндерін атап айт.<br>- Бүгін аптаның нешінші күні?<br>- Балабақшаға аптасына неше күн келеміз?<br>- Қай күндері келеміз балабақшаға?<br>- Қай күндері демаламыз?<br>- Жақсы жарайсыңдар. Енді сандардың тапсырмаларын орындап көрейік.<br>1. Тапсырма. «Сан санау».<br>Поездағы аңдарды санау.<br>1 - ші, 2 - ші, алдыңда, артында...<br>Үлкен - кішкентай<br>Биік - аласа.<br>- Жақсы жарайсыңдар!<br>2. Тапсырма. «Шатасқан сандар»<br>а) Қатты жел соққан кезде сандар орындарын шатастырып алыпты оларды 1 - ден 10 - га дейін дұрыс орналастырайық.<br>б) 1 - ден 10 - ға дейін яғни сандарды тура және кері санау.<br>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.<br>10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1.<br>3. Тапсырма. Ойын: «Көрші санды | |

| | | |
|---|---|---|
| | ата».<br>4 санның көршісін тап<br>6 санның көршісін тап<br>9 санның көршісі.<br>4. Тапсырма «Қай сан жоқ?»<br>Нүктелердің орнына жоқ санды орналастыру.<br>Кубизм әдісі: кубикті қағып алып, неше дөңгелек көріп тұр санын айту. | |
| **Қорытынды** | Сұрақ - жауап әдісі арқылы оқу қызметі қорытындылау.<br>- Саяхатқа қайда бардық?<br>- Қандай тапсырмалар орындадық?<br>- Қандай тапсырмалар сендерге қиын болды?<br>- Сабақта не ұнады? Сұрақтарға толық жауап береді, өз ойларын айтады. | |

**V00053   18.12.2020**

# Ағылшын тілі пәнінен тиімді әдіс-тәсілдер

**СЕРИКБАЕВА ГУЛСАЯ МАРАТОВНА**
*Қарағанды қаласы № 17 ЖББОМ. Ағылшын тілі мұғалімі*

«Шет тілдерін үйрену, әсіресе ағылшын тілі қазіргі – заманның қажеттілігі.» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев республикалық білім және ғылым қызметкерлерінің ІІІ сьезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай үш тілді жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып – тәрбиелеу деп атап көрсетті. Бұл жерде негізгі ролді білім беру жүйесі алып отыр. Қазіргі қоғам сұранысына сай білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын жеке тұлға тәрбиелеуге аса назар аударылуда.

А. Байтұрсынов өзінің «Мектеп деректері» еңбегінде былай деп жазды: «….Мұғалім қандай болса, мектеп, пән сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы.Сондықтан қәзіргі заманауи мұғалім өзінің күнделікті сабағын психологиялық тұрғыда қарастыра отырып, көптеген тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білсе ғана жемісін көретіні белгілі. Сабақты психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру дегеніміз – оқушының ішкі жан дүниесіне терең үңілу, ойына ой қосу, қиялына қанат бітіру, білім алуға деген құлшынысын, қызығушылығын ояту. Ол үшін мұғалім барлық мүмкіншілігін пайдаланады. Өйткені жай сабақ құнарсыз тамақ секілді, адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп шәкірт жүрегінен орын алады.

Қорыта айтқанда, СТО технологиясын ағылшын тілі сабағында қолдана отырып білім сапасын арттыру және оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу жолында жаңа технологияларды пайдалану тиімді екенін өз тәжірибемнен байқадым.

Демек әр мұғалім өз ісіне жауаппен қарап, жаңа сапалы білім беру мақсатында жаңа әдіс-тәсілдер қолдану арқылы инновациялық өзгертулер еңгізуі тиіс. Осы мақсатта қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің бірі- сыни тұрғыдан ойлау.

Сыни тұрғыдан ойлау — қазіргі таңда Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін өте маңызды болып табылатын педагогикалық тәсіл. Бұл әдіс оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауын дамытуды саналы және оймен қабылдауына мүмкіншілік береді.Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік

шешім.
Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс- тәсілдермен ерекшеленеді.Әдіс-тәсілдерді мұғалімдердің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданады. Технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін мен өзімнің алдымдағы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсат-мүддеме сай, өзімнің шеберлігіме орай таңдап аламын және сыни тұрғыдан ойлау тәсілі оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған әдіс-тәсіл. Ол негізінен ашық пікір айтуға, түрлі шешімдер қабылдауға, басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді білдіреді. Алғашқы кездері сыни тұрғыдан ойлау тәсілдерін жоғары сынып оқушыларына байланысты қолданған. Бірақ уақыт өте келе кішкентай жастағы балаларды осыған дағдыландыруға болатындығы дәлелденген.

Мұғалімнің міндеті – баланың өзіне деген сенімін арттыру, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу, өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады.

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында мұғалім жаңашыл, сабағын да әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, қызықты да сапалы сабақ ұйымдастырсақ еңбегіміздің жемесін көретініміз белгілі.

**W00014 19.12.2020**

## Деление и дроби

**АБДУРАХМАНОВА ЛАЗЗАТ ТУРГУНБАЕВНА**
*г. Алматы, Турксибский район, Общеобразовательная школа №61, учитель математики*

*Тип урока:* закрепление.
*Цель урока:* актуализация и обобщение имеющихся знаний.
*Задачи:*
*образовательные:*
- закрепления правила деления суммы на число, представления черты дроби в виде знака деления, использование дробной черты в записях уравнения;
- умение применять знания нахождения дроби от целого в примерах и задачах;

*развивающие:*
- развивать вычислительные навыки, логическое мышление;
- развивать коммуникативность, навыки само- и взаимоконтроля;
- развивать умение сотрудничать и работать в группе;
- развивать грамотную математическую речь;

*воспитательные:*

- воспитывать и формировать положительную мотивацию и интерес к предмету;
- воспитывать стремление к достижению положительного результата при выполнении работы, самостоятельность и аккуратность.

*Дидактическое обеспечение:*

- учебно-методический комплект,
- материалы к выполнению творческого задания.

***<u>Ход урока:</u>***

*1.<u>Оргмомент.</u>*

- приветствие,
- готовность к уроку,

-проверка присутствия на уроке.

*2. <u>Сообщение темы урока.</u>*

На доске (слева, на обратной стороне):

- рассмотрите записи;
- какая между ними связь?
- какой знак можно поставить между ними?
- кто догадался, какой будет тема нашего сегодняшнего урока?
- *сегодня на уроке мы продолжим записывать при помощи дроби действие деления.*

Запишите в тетради «Классная работа» и тему урока «Деление и дроби». Не забудьте поставить дату на полях. Сегодня 16 февраля 2016 года.

(записывается тема урока на доске).

*3.<u>Устный счет с применением табличных значений.</u>*

Теперь посчитаем устно. Для этого

| | | |
|---|---|---|
| | 91 : 13<br>* 80<br>+ 240<br>- 500<br>: 2<br>^2 | 7<br>560<br>800<br>300<br>15<br>**225**<br>**ответ** |

*4. <u>Актуализация знаний.</u>*

На доске:

Какое нужно помнить правило при чтении дробей? (*числитель дроби – количественное числительное женского рода, а знаменатель – порядковое числительное*).

- какие дроби называются правильными?
- какие дроби называются неправильными?

- выберите правильные и неправильные дроби.
- что означает «11» и «8» в последней дроби (*что показывает числитель, что показывает знаменатель*)?

*5. <u>Работа по теме:</u>*

- *<u>индивидуальная работа с последующей взаимопроверкой:</u>*

Мы вспомнили основные правила о дробях, а теперь поработаем письменно. На доске вам представлено задание *(ответы на обороте доски).*

2. Представьте частное в виде дроби:

3 : 4 = 15 : 8 =
6 : 5 = 7 : 14 =

Найдите дробь, которая обозначает половину целого и обведи ее прямоугольником.
Обведи кругом дроби большие 1.
Поменяйтесь тетрадями и оцените своего соседа по следующим критериям:
«5» - ни одной ошибки;
«4» - 1 ошибка;
«3» - 2 и более ошибок.
Поднимите руку, кто получил 5? 4? 3?
Я проверю и выставлю оценки в журнал.

- *<u>работа по учебнику:</u>*

А сейчас мы переходим к работе по учебнику. Откройте учебник на странице 164 и прочитайте задание № 1059.
Сформулируйте свойство деления суммы на число (*чтобы разделить сумму на число, можно разделить на это число каждое слагаемое и сложить полученные частные*).
Как это свойство записать с помощью букв?
$(a + b) : c = a : c + b : c$
Будет ли верно это равенство, если я поменяю местами правую и левую части?
$a : c + b : c = (a + b) : c$
*Запишите эти формулы в тетрадь и выделите прямоугольником.*
Теперь решите №1059 (в, г).
У доски работает ученик, проговаривая правило решения.
б) (3393 + 999) : 3 = 3393 : 3 + 999 : 3 = 1131 + 333 = 1464;
в) 405 : 27 + 135 : 27 = (405 + 135) : 27 = 540 : 27 = 20.

*<u>решение задачи:</u>*

Переходим с вами к задаче. Прочитайте условие №1070.

- №1070 (устно). Ответ: .

*<u>решение уравнений</u>:*

А теперь вспомните, какую роль играет дробная черта в уравнении? (*заменяет знак деления*).

Решите № 1058 (а, б, д). Вызывать по одному человеку с подробным комментированием.

*6. <u>Домашнее задание</u>.*

Спасибо! Молодцы! А сейчас познакомимся с домашним заданием.

№ 1058 (в, г). Подобные уравнения мы с вами разобрали.

№ 1078 - это задача, тоже не должна вызвать затруднения, т.к. похожая была разобрана устно.

*7. <u>Творческое задание.</u>*

Прежде чем нам преступить к выполнению следующего задания, *вспомните, как правильно обращаться с бумагой?(техника безопасности)*

*Бумага имеет тонкие края, которые при резких движениях могут глубоко поранить кожу человека.*

<u>Творческое задание «Дроби в прямоугольнике».</u>

Перед вами находится белый лист бумаги.

- Разделите его на два *длинных* прямоугольника.
- Разделите прямоугольник на два маленьких *вторым способом.*
- Разделите фигуру *на 4 части.*
- Разделите фигуру *на 8 частей.*
- Какие фигуры у вас получаются? (*прямоугольники*).
- Разделите первоначальный прямоугольник *на два треугольника.*
- Что можно сказать о площади полученных треугольников в сравнении с прямоугольниками, полученными при первичном делении на части? (*площадь треугольника равна площади половины большого прямоугольника)*
- Закрасьте один из полученных малых прямоугольников и напишите на долю, которую он составляет от большого.

Этот момент я оценю и выставлю дополнительную оценку за правильную работу.

*8. <u>Подведение итогов урока.</u>*

Понравилось вам дополнительное задание?

(*задание с обыкновенными дробями*)

Какие еще вопросы мы повторили? (*площади фигур, равенство площадей фигур*)

Давайте подведем итоги урока.

Оценки получили __________.

Последние два урока мы изучали тему: «Деление и дроби». Что нового Вы узнали? С какими формулами или свойствами Вы познакомились?

Спасибо за урок!

**W00015 19.12.2020**

## Восточные славяне в VI-VIII вв

**СРАПУЛОВА АИДА СРАПУЛКЫЗЫ**
г. Алматы, Турксибский район, Общеобразовательная
школа №61, учитель истории

**Предмет**: история
**Класс**: 6

**Цель урока:** познакомить учащихся с расселением восточных славян, их занятиями, образом жизни, верованиями.
**Задачи урока:**
***Образовательная:*** создать условия для деятельности учащихся по формированию представлений о восточных славянах: территории их расселения, их занятиях, управлении, религии.
***Развивающая:***
- продолжить формирование умения обучающихся работать с исторической картой, анализировать исторический источник, выделять главное, делать выводы, аргументировать свое мнение;
- развитие познавательного интереса, мотивации, воли.

***Воспитательная:*** продолжить работу над формированием у обучающихся чувства патриотизма и уважения к прошлому своей Родины.

**Тип урока:** комбинированный урок.

**Оборудование урока:**
1) Мультимедийный проектор
2) Персональный компьютер

**Учебная литература:**
1) Пчелов Е.В. «История России с древнейших времен до конца XVI века». Учебник для 6 класса основной школы; М.:«Русское слово», 2008.
2) Атлас «История России с древнейших времен до конца XVI века»; М.: Издательство «ДИК», «Дрофа», 2011.

### I. Проверка домашнего задания.

<u>1. 1 человек – устный монологический ответ.</u>

Рассказать о жизни и устройстве Волжской Булгарии и Хазарского каганата в соответствии с выполненной на предыдущем уроке таблицей. ***(см. Приложение 1).***

2. Фронтальный опрос:
- дата великого переселения народов (IV-V века)
- в начале III века на территории Северного Причерноморья жили племена… (готов)
- кто в IV веке вытеснил готов из Причерноморья? (племена гуннов)
- в VI веке гуннов вытеснили… (тюркские племена)
- назовите представителей тюркских племен (тюрки, авары, болгары, хазары)
- одно из этих племен создало в Причерноморье государство, которое называлось… (Аварский каганат)
- к востоку от Аварского каганата находилось еще одно государство кочевников, которое называлось… (Тюркский каганат)

**II. Постановка задач урока.**

***Учитель:*** итак, ребята, теперь, после того, как мы проверили ваши знания, можем перейти к теме нашего сегодняшнего урока. Записываем сегодняшнее число, тему урока. Она перед вами на доске: «Восточные славяне в VI-VIII вв.»

Сегодня на уроке мы с вами узнаем:
- о племенах восточных славян, об истории их появления на территории современной России;
- о том, как они жили, где поселились;
- каким образом управлялось славянское племя;
- познакомимся с основными занятиями и религией славян;
- поработаем с текстом исторического документа, учебника и картой.

**III. Изучение нового материала.**

**План:**
1. Расселение восточных славян в V-VIII вв.
2. Хозяйство и общественный строй.
3. Обычаи и верования восточных славян.

**1. Расселение восточных славян в V-VIII вв.**

***Учитель:*** кочевые племена на юге нашей страны сменяли друг друга. В это время начнется история еще одного большого сообщества племен – славян. О

ранней истории славян известно мало, только лишь то, что они жили в Восточной Европе между Одером, Вислой и Днепром с 1 тыс. Затем двинулись на юг, запад и восток. Византийцы называли их **склавинами и антами.**

Также до нас дошли воспоминания византийцев. Вот что они писали:

***Работа с текстом документа.***

“Они (славяне) сходны по своему образу жизни, по своим нравам, по своей любви к свободе; их никаким образом нельзя склонить к рабству, или подчинению…

… Они очень высокого роста и огромной силы, … это неплохие и совсем не злобные люди. Они гостеприимны, радушны….

… Они выносливы, мужественно переносят жару, холод, дождь, голод. Мужественно выдерживают пребывание в воде …, будучи застигнуты внезапным нападением, погружаются в пучину вод. При этом они держат во рту большие выдолбленные внутри камыши, доходящие до поверхности воды, а сами, лежа навзничь на дне, дышат с помощью их; и это могут проделывать в течении многих часов, так что совершенно нельзя догадаться об их присутствии…

… В бой идут с двумя небольшими копьями, а некоторые имеют прочные тяжелые щиты. Вооружение их составляют луки и стрелы. В сражении славяне избегают открытых местностей, встречая врага в лесах или у обрывов; при этом они широко пользуются искусством засады.”

***Учитель:*** а теперь ответьте, пожалуйста, на вопросы к данному документу:
1. Что говорит автор о внешности славян?
2. Что говорит автор о характере славян?
3. Что говорит автор о военном таланте славян?
4. Какие особенности они использовали?

***Ученики:*** *отвечают на вопросы.*

***Учитель:*** Расселившись окончательно по территории Восточной Европы, славяне разделились на 3 ветви: западную, южную и восточную.

*Работа с картой атласа, с. 3(и параллельно с картой на доске).*

***Учитель:*** вспомните, на какие три ветви делились славянские племена. Назовите современных представителей каждой ветви, о которых мы с вами говорили ранее в курсе истории Средних веков.

***Ученики:*** южные (болгары, сербы, хорваты), западные (поляки, чехи, словаки), восточные (русские, украинцы, белорусы)

***Учитель:*** сегодня нас с вами интересуют наши предки – восточные славяне. О

них мы и поговорим подробнее.
Территория расселения восточных славян велика. Об их истории мы узнаем благодаря русским летописям. Запишите, пожалуйста, определение в ваших тетрадях.
***Летопись*** - изложение исторических событий по годам.
***Ученики:*** записывают определения в тетрадях.
Летопись назывались именно так, потому что год в Древней Руси назывался летом. Самая первая летопись называлась «Повесть временных лет». Написана она была монахом Киево- Печерского монастыря Нестором. Из этого документа мы и знаем, что изначально существовало 12-15 племен, которые расселились по территории современной России. О том, где именно поселилось каждое племя, мы с вами узнаем из текста наших учебников, информация которого и основана на летописи Нестора. Эти данные мы с вами внесем в таблицы, которые вы вклеите в ваши тетради и заполните.
*Работа с текстом учебника, с. 23, заполнение таблиц в соответствии с уровнем, по которому занимается учащийся.* ***(см. Приложение 2).***
*Проверка заполнения таблиц.*
***Учитель:*** а теперь давайте вместе с вами найдем места расселения славян, которые выписали в таблице на карте в наших атласах.

***Работа учеников с картой «Расселение славян и их соседи» (атлас, с. 5), показ мест расселения славянских племен на карте у доски.***

**2. Хозяйство и общественный строй.**

***Учитель:*** теперь мы с вами знаем, где жили племена славян, настало время узнать, как они жили. Давайте поговорим об основных занятиях древних славян. Попробуйте представить себя древним славянином. Подумайте, с помощью каких занятий вы бы добывали себе пропитание?
*Беседа с классом, в ходе которой учитель вместе с классом формулирует основные занятия древних славян.*
1. Земледелие
2. Охота
3. Бортничество
4. Огородничество
5. Рыболовство
6. Ремесло

***Учитель:*** мы с вами выяснили, каково было хозяйство древних славян, теперь настало время поговорить об общественном строе, о том, кто и каким образом управлял племенем.

*Рассказ учителя.*

***Учитель:*** восточные славяне жили в полуземлянках и срубах. В поселке, как правило, обитала родовая община во главе со старейшиной, который решал все

спорные вопросы и был хранителем традиций. Родовые общины объединялись в племена. Племя возглавлял князь. Он руководил войском, состоявшим из его дружины и ополчения всего племени.
***Дружина*** – соратники князя, главным занятием которых стало военное дело. Запишем это определение в наши тетради.
***Ученики:*** *записывают определение в тетради.*
***Учитель:*** князья и общинники составляли высший слой внутри племени. Постепенно власть князя все усиливается, и начинает передаваться по наследству.

### 3. Обычаи и верования восточных славян.

***Учитель:*** важной частью жизни любого человеческого общества является религия. Религией древних славян было язычество. С этим понятием мы уже знакомы. Напомните, пожалуйста, что такое язычество?
***Ученики: Язычество*** - обожествление сил природы, вера в богов и духов.
***Учитель:*** о том, каким богам поклонялись древние славяне, мы узнаем из доклада, который для нас подготовил ваш одноклассник/ца.

***Предварительно подготовленный доклад ученика «Язычество восточных славян».***

## IV. Закрепление

**Учитель: а теперь ответьте на несколько моих вопросов:**
- назовите племена, которые мы с вами сегодня изучили на уроке
- каковы основные занятия восточных славян? (земледелие, охота, бортничество, огородничество, рыболовство, ремесло)
- кто руководил родовой общиной? (старейшина)
- кто руководил племенем? (князь)
- как назывались соратники князя, главным занятием которых стало военное дело? (дружинники)
- какие религиозные верования были у восточных славян в древности? (язычество)
- как в славянской мифологии назывался бог грома и молнии? (Перун)
- как в славянской мифологии назывался бог солнца? (Даждьбог)
- как в славянской мифологии назывался бог ветра? (Стрибог)
- как в славянской мифологии назывался бог огня? (Сварог)
- как в славянской мифологии назывался бог скота и скотоводства? (Велес)
- как назывались фигуры богов славян? (идолы)
- как в славянской мифологии назывались люди, которые следили за правильностью выполнения обрядов? (волхвы и кудесники)
- какие славянские языческие праздники сохранились до сих пор? (Масленица,

день Ивана Купалы)

**VII. Подведение итогов урока, выставление отметок.**

Итак, сегодня мы с вами узнали многое о:
- племенах восточных славян, об истории их появления на территории современной России;
- о том, как они жили, где поселились;
- каким образом управлялось славянское племя;
- познакомимся с основными занятиями и религией славян;
- поработаем с текстом исторического документа, учебника и картой.

А теперь открываем дневники, записываем домашнее задание.

**VIII. Домашнее задание:**

§ 4- пересказывать; учить записи; ТПО: № 1, 2;
в рабочей тетради составить по вопросы к пункту 4 (уровень А – 3 вопроса, уровень В – 4 вопроса, уровень С – 5 вопросов).

**W00053 20.12.2020**

## Жүрегімнің түбіне терең бойла...

(*Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған сценарий*)

**ҚҰНАНБАЕВА АЙНҰР ТҰРЫСБЕКҚЫЗЫ**
*Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы*
*«№35 орта мектеп» Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

(Сахна ашылғанда, экранда табиғат көрінісі, кең далаға қарап Абай ойланып отырады)

**Абай:**

-Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
Махаббат, ғадауатпен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?
( пауза, ойланады, музыка әуені)

**Абай:**

-Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім.
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Ей , Жүрегімнің қуаты перзенттерім. Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар тәннің құмары. Екіншісі, білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр – жұлтыр еткен болса, оған қызығып , сырнай-керней болса дауысына ұмытылып, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі- білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген – жан құмары...

(шымылдық жабылады)

**Көрініс : «Абайдың оқуға аттануы»**

((Музыка әуенімен шымылдық ашылады.Сахна төрінде Құнанбай қасындағы би-шешендермен әңгімелесіп отырады. Имене басып Абайды жетектеген татар Ғабидхан молда келеді, амандасады)

**Ғабидхан:**

-Ассалаумағалейкум, ағалар!Құнанбай Мырза , мына Абай деген ұлыңыз – дана жігіт. Бұларға шаһардағы зор медреседен, ғалым қазіретілерден дәріс оқытарға керек. Абайдың болашағы өзге

**Құнанбай**( ойланып):

-Жарар, ол тілегіңді бердім. Айтқаның дұрыс ақыл көрінеді. Ендігі жерде Абайдың оқуының билігі сенде болсын. Қайда оқытасың, оған қандай мал шығын етесің, ықтиярың білсін.

(молда тағзым етіп, Абай екеуі шығып кетеді)

**Бірінші Би:**

-Мырза , балаларыңыз ер жетіп қалыпты, қайсысы жақсы болады деп ойлайсыз?

**Екінші Би**:

- Ееее, не де болса, әке жолын Ысқақ алар....

**Құнанбай** (ойланып, сақалын сипап):

-Не күтсеңдер де, осы мына жаман қарашұнақтан күтсеңдерші....

(Бір-бірін тұрғызып, сахнадан шығып кетеді. Сахнаға Абай шығады)

**Абай** (Сахна шетінде тұрып, ойланып сөйлейді)**:**

-Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды.Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек.Үйрене келе өзі де ізденерліктей болып, қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық керек...

**Көрініс: «Зере әже мен бала Абай»**

(Сахнада бала Абай мен әжесі, Ұлжан, Барлас пен Байкөкше. Барлас домбырасын ойнап, терме айтып тоқтайды).

**Зере:**

- Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас болып,арыла алмай қойып еді.Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар!

**Барлас:**

- Е, шешенің судай төгілген,
Тыңдаушың бордай егілген,- дегендей сөйлеуді де , тыңдауды да үйренген ел-ел дағы. Балаңыз аса зерек екен, бәйбіше. Асан қайғы, Бұқар жырау, Марабай мен Жанақ, Шортанбай, Шөже ақындар жырларын «Баян-Көрпеш», «Қобланды», «Ақбала-Боздақтарды» зейін салып, сүйсіне тыңдады. Жалығар түрі жоқ.

(Абайға бұрылып)

-Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсең сірә не етерсің?
Алысқа шырқап кетерсің?
Шыңдалсаң шыңға жетерсің! Міне , балам осы менің батам болсын, тіпті шынымен менің мейірімді түсіріп айтқыздың. Аумин ! (Қолын жайып бетін сипайды. Барлығы бетін сипайды)

**Ұлжан:**

-Тағы да келе жүріңдер. Әжесі мен бізді көп сейілттіңдер.Жолдарың болсын! Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіңдер... Риза, қош боп аттаныңдар! (Зере әжені сүйемелдеп, тұрғызып, барлығы сахнадан шығып кетеді)

**Абай :** (ойланып,сақалын сипап, іштей сөйлейді)

- Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың – қарыз. Махаббатқа ақыл көзімен қарасаң, күн сияқты. Күн қыздырып, теңізден бұл шығарады екен. Ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер бетінде неше түрлі жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат, гүл-бәйшешектерді шығарады. Махаббат та адамға осылай әсер етіп, көңілін гүлдендіреді. Махаббат- адам баласына таусылмас азық. (Өлеңді дауыстап оқиды)

-Есіңде бар ма жас күнің,
Көкірегі толық , басың бос,
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің-
Кімді көрсең бәрі дос.
Махаббат, қызық , мал мен бақ
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ
Болар ма сондай қызық шақ? (Сахнадан шығып кетеді)

**Көрініс « Абай мен Тоғжан»**

(Экранда кешкі табиғат көрінісі, Абай шығады, бәсең, сезімге толы дауыспен сөйлейді)

**Жігіт Абай:**
- Махаббат па? Осы ма?... Осы болса , мынау маужыраған тыныштық, нәзік түн... бесігі ғой... Сол сұлу саздың құлақ күйі ғой. ( «Айттым , сәлем Қаламқас» әні айтылып тұрады, сахнаға Тоғжан шығады, Абай тосып алады)

**Тоғжан** (басын төмен салып):

- Абай, сіз екеуіміздің жолымыз екіге айырылатын сияқты.Менің әкем Сүйіндік пен сіздің әкеңіздің арасындағы жер дауына байланысты мәселені білесіз ғой...

**Абай:**

-Әттең, алауыздық!... Қазақтың осы бір іштей ырылдасқан алауыздығын қайтсем екен!...

**Тоғжан:**

- Қош , Абай, енді мені іздеп келмеңіз... Мен сізге жоқпын!

(Жылап кетіп қалады, Абай соңынан шығып кетеді)

(Сахнада музыка әуені, сахан артынан Абайдың даусы шығады)

**Абай:**

-Менің дүниеге көзімді ашқан Михаэлис. Заманы келіссе, бір халықтың маңдайына біткен ырысы дерлік....Адам баласына адам баласының бәрі дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде өсуің, қайғың,шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей. Біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына , малына күндестік қылмай, білгенін үйрен.Тілеуді құдайдан тілемей,өз бетіңмен еңбегіңді жандыр.

**Көрініс: « Кітапханадағы кездесу »**

(Сахна артындағы экраннан кітапхана залының суреті көрсетіліп тұрады. Бірнеше оқырмандар кітап оқып отырады. Михаэлис те газет қарап отыр.Абай да кітапханашымен сөйлесіп тұрады)

**Кітапханашы:**

- Мен сізге айтып тұрмын ғой, Толстойдың кітабы әзірге қолда. Болмай тұр.

**Абай:**

- Ғафу етіңіз, айға жуық уақыт бұрын да келіп едім. Толстойдың кітабы маған өте қат еді. Мүмкін қарап көрерсіз.

**Кітапханашы:**

- Сіз де болмадыңыз ғой, қазір тағы бір қарап келейін.

(Михаэлис Абайға таңырқай қарап, қасына жақындайды)

**Михаэлис:**

- Сәлеметсіз бе, сізге Толстойдың кітабы неге керек екенін білуге болады ма?

**Абай:**
- Есенсіз бе, әрине Толстойдың «Кавказский пленник» шығармасын оқып, құмартып едім. Бірнеше рет келіп басқа шығармаларын таппай тұрмын.
**Михаэлис:**
- Тамаша, сізбен таныссам деп едім. Есімім Евгени Михаэлис. (Қолын ұсынады)
**Абай:**
- Ибрахим Құнанбайұлы (Екеуі күбірлесе сөйлесе береді. Әуен ойнап тұрады. Орындыққа қарай барады, кітапқа үңіледі)
**Сахна сыртындағы дауыс:**
- Кітапханадағы танысу- сыйластыққа, айырылмас достыққа жетеді. Абай осыдан соң біржола оқу мен жазуға бел шеше кіріседі. Табиғаттың тылсым тіршілігінен нәр алған Абай , жан мен тәннің үйлесімін таба білді. Көңіліндегі сөзге, әуеннің сазы өзі – ақ табылып тұрушы еді. (Сахна шымылдығы жабылады, «Желсіз түнде жарық ай» әні ойнайды)

(Шымылдық ашылғанда,табиғат көрінісі, Абай табиғатқа қарайды, жазады, ойланады, сөйлеп кетеді)
**Абай:**
- Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар.Содан қашпақ керек.Әуелі - надандық.Екіншісі - еріншектік. Үшіншісі –залымдық. Надандық- ғылым-білімнің жоқтығы. Еріншектік- күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, залымдық- адам баласының дұшпаны. Бұлардың емі- халыққа махаббат. Халық ғаламға шапқат. Әркімнің қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын. (пауза, ойланады, өлең оқиды)
-Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге,
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
